

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1403 Қаулысы

"АҚ-2 тұрақты сумен жабдықтауды және су ағызуды қамтамасыз етіп (үшінші жіберу кешені) Көкшетау АҚ-2 КВТК-100-150 үшінші қазанын салу және Көкшетау қаласында ыстық сумен жабдықтауды қалпына келтіру" басымды инвестициялық жобасын іске асыруды аяқтау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Ақмола облысының әкіміне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 79600000 (жетпіс тоғыз миллион алты жүз мың) теңге, олардың ішінде тегеурінді коллектор бойынша су ағызып, кәріздік сорғы станциясын қалпына келтіруге 62170000 (алпыс екі миллион бір жүз жетпіс мың) теңге; қосалқы технологиялық жабдық сатып алуға 17430000 (он жеті миллион төрт жүз отыз мың) теңге бөлінсін.

2. Ақмола облысының әкімі көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысудың аккредитивті нысанын көздей отырып, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы